

Д. Қамзабекұлы¹, А. Қажымұрат^{2*}, М. Экиджи³

^{1,2}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

³Еге университеті, Түркі әлемін зерттеу институты, Измир, Түркия

E-mail: ¹kamzabekuly@gmail.com, ²alma.shug@mail.ru, ³metin.ekici@ege.edu.tr

ORCID: ¹0000-0001-5622-3834, ²0009-0000-9823-3686, ³0000-0002-9400-8462

АБАЙ МҰРАСЫ ЖӘНЕ АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ИДЕЯЛЫҚ САБАҚТАСТЫҒЫ

Аңдатпа. Мақалада Абай Құнанбайұлының дүниетанымы мен XX ғасыр басындағы Алаш қозғалысы өкілдерінің идеялық-рухани жүйесі арасындағы тарихи және дүниетанымдық сабақтастық жан-жақты қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – Абайдың мұрасындағы гуманистік, ағартушылық және адамгершілік қағидалардың Алаш зиялыларының ұлттық идеяларының, қоғамдық-саяси ұстанымдарының және ағартушылық қызметінің қалыптасуына ықпалын анықтау. Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи, герменевтикалық және мәтіндік талдау әдістері қолданылды. Дереккөз ретінде Абай шығармалары, Алаш қайраткерлерінің ғылыми, публицистикалық және әдеби еңбектері, сондай-ақ қазіргі алаштану мен абайтану саласындағы ғылыми зерттеулер пайдаланылды. Нәтижесінде Абайдың «толық адам», әділет, еңбек және білім туралы тұжырымдамалары Алаш қозғалысының дүниетанымдық және интеллектуалдық негіздерінің қалыптасуына елеулі ықпал еткені анықталды. Сонымен қатар Абай мұрасының ұлттық сананы жаңғыртудағы, қоғамдық ойды дамытудағы және ұлттық бірегейлікті нығайтудағы рөлі айқындалды. Қорытындысында Абай мұрасы әдеби құндылық ретінде ғана емес, Алаш қозғалысының рухани-идеялық өзегіне айналған ұлттық жаңғырудың маңызды философиялық негізі ретінде бағаланды. Зерттеу нәтижелері Абай мұрасын Алаш қайраткерлерінің қоғамдық-саяси және ағартушылық қызметімен сабақтастықта қарастырудың ғылыми маңызын айқындайды. Бұл тұжырымдар Абайтану мен Алаштану бағытындағы болашақ пәнаралық зерттеулерді дамытуға, сондай-ақ ұлттық құндылықтарды қазіргі білім беру мен қоғамдық санада жаңаша пайымдауға теориялық негіз бола алады.

Кілт сөздер: Абай, Алаш, абайтану, ұлттық сана, рухани сабақтастық.

D. Kamzabekuly¹, A. Kazhymurat^{2*}, M. Ekici³

^{1,2}L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

³Ege University, Institute of Turkish World Studies, Izmir, Türkiye

E-mail: ¹kamzabekuly@gmail.com, ²alma.shug@mail.ru, ³metin.ekici@ege.edu.tr

ORCID: ¹0000-0001-5622-3834, ²0009-0000-9823-3686, ³0000-0002-9400-8462

THE LEGACY OF ABAI AND THE IDEOLOGICAL CONTINUITY OF THE ALASH MOVEMENT

Abstract. The article comprehensively examines the historical and worldview continuity between Abai Kunanbaev's worldview and the ideological-spiritual system of representatives of the Alash movement of the early 20th century. The main purpose of the study is to determine the influence of the humanistic, educational, and moral principles of Abai's legacy on the formation of the national ideas, socio-political positions, and

* **Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Д. Қамзабекұлы, А. Қажымұрат, М. Экиджи. Абай мұрасы және Алаш қозғалысының идеялық сабақтастығы // "Керуен". - 2026. №2, (91-том). - Б. 17-33. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.2-01>.

educational activities of the Alash intelligentsia. In the course of the research, comparative-historical, hermeneutical, and textual analysis methods were used. The works of Abai, as well as the scholarly, journalistic, and literary works of Alash figures, together with contemporary research in the fields of Alash studies and Abai studies, served as sources. As a result, it was established that Abai's concepts of the «complete person» justice, labor, and knowledge had a significant influence on the formation of the worldview and intellectual foundations of the Alash movement. In addition, the role of Abai's legacy in renewing national consciousness, developing public thought, and strengthening national identity was identified. In conclusion, Abai's legacy is assessed not merely as a literary value, but as an important philosophical foundation of national revival, which became the spiritual and ideological core of the Alash movement. The results of the study reveal the scholarly significance of examining Abai's legacy in continuity with the socio-political and educational activities of Alash figures. These conclusions can serve as a theoretical basis for the development of future interdisciplinary research in Abai studies and Alash studies, as well as for a new understanding of national values in contemporary education and public consciousness.

Keywords: Abai, Alash, Abai studies, national consciousness, spiritual continuity.

Д. Қамзабекулы¹, А. Кажимурат^{2*}, М. Экиджи³

^{1,2}Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

³Университет Еге, Институт исследования тюркского мира, Измир, Турция

E-mail: ¹kamzabekuly@gmail.com, ²alma.shug@mail.ru, ³metin.ekici@ege.edu.tr

ORCID: ¹0000-0001-5622-3834, ²0009-0000-9823-3686, ³0000-0002-9400-8462

НАСЛЕДИЕ АБАЯ И ИДЕЙНАЯ ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ДВИЖЕНИЯ АЛАШ

Аннотация. В статье всесторонне рассматривается историческая и мировоззренческая преемственность между мировоззрением Абая Кунанбаева и идейно-духовной системой представителей движения Алаш начала XX века. Основная цель исследования – определить влияние гуманистических, просветительских и нравственных принципов наследия Абая на формирование национальных идей, общественно-политических позиций и просветительской деятельности алашской интеллигенции. В ходе исследования были использованы сравнительно-исторический, герменевтический и текстологический методы анализа. В качестве источников были использованы произведения Абая, научные, публицистические и литературные труды деятелей Алаш, а также современные научные исследования в области алашоведения и абаеведения. В результате установлено, что концепции Абая о «совершенном человеке», справедливости, труде и знании оказали значительное влияние на формирование мировоззренческих и интеллектуальных основ движения Алаш. Наряду с этим была выявлена роль наследия Абая в обновлении национального самосознания, развитии общественной мысли и укреплении национальной идентичности. В заключение наследие Абая оценивается не только как литературная ценность, но и как важная философская основа национального возрождения, ставшая духовно-идейным стержнем движения Алаш. Результаты исследования раскрывают научную значимость рассмотрения наследия Абая в преемственной связи с общественно-политической и просветительской деятельностью деятелей Алаш. Данные выводы могут служить теоретической основой для развития будущих междисциплинарных исследований в области абаеведения и алашоведения, а также для нового осмысления национальных ценностей в современном образовании и общественном сознании.

Ключевые слова: Абай, Алаш, абаеведение, национальное сознание, духовная преемственность.

1. Кіріспе

Абай тұлғасы мен шығармашылық мұрасы туралы ғылыми зерттеулер мен қоғамдық пікірлер кең көлемде қалыптасқан. Оның әдеби, философиялық және ағартушылық қызметі әр кезеңде әртүрлі қырынан зерделеніп, ғылыми айналымға

түсті. Абай тұлғасы ғылыми әдебиетте көбіне ұлы ақын, ойшыл, ағартушы және гуманист ретінде сипатталады. Алайда оның тарихи-мәдени маңызын аталған анықтамалармен ғана шектеу жеткіліксіз. Абай шығармашылығының құндылығы оның қазақ қоғамының әлеуметтік, рухани және адамгершілік мәселелерін терең пайымдап, сол кезеңнің қоғамдық қайшылықтарына сындарлы көзқарас ұсына алуында (Мырзахметов, 1993: 148). Осы тұрғыдан алғанда, Абай мұрасы тек әдеби немесе ағартушылық феномен ретінде емес, ұлттық сананың дамуына ықпал еткен маңызды философиялық-әлеуметтік жүйе, рефлексиялық құбылыс ретінде бағаланады (Ибраев, 2021: 227).

XIX ғасырдың соңындағы қазақ даласына жай әдеби жаңару ғана керек болған жоқ. Қоғамның өз ішінде түбегейлі өзгерістер қажет болды. Рулық тартыс, отарлық қысым, білімсіздік, болыстық билікке талас және әлеуметтік енжарлық қатар жүрді. Бұл кезеңде қазақ қоғамы Ресей империясының отарлық әкімшілік жүйесінің ықпалына түсіп, дәстүрлі басқару құрылымдары әлсіреді, ал әлеуметтік қатынастарда әділетсіздік пен бәсекелестік күшейді. Осындай тарихи жағдайда Абай адам болмысы мен қоғам дамуын біртұтас жүйе ретінде қарастырды. Оның «адам түзелмей, қоғам түзелмейді» деген идеясы кейінгі ұлттық ойдың концептуалдық негізіне айналды. Абай ұстыны болып табылатын бастапқы ағартушылық қазақ ұлтының тарихи дамуының заңды белесі. Яғни, қазақ қауымының өркендеуіндегі ішкі және сыртқы факторлар осы ағар тушылықтың тууына себеп болды (Қамзабекұлы, 2020: 155). Осындай тарихи жағдайда Абай адам болмысы мен қоғам дамуын біртұтас жүйе ретінде қарастырды. Оның адамды рухани жетілдіру арқылы қоғамды жаңарту туралы тұжырымдары кейінгі ұлттық ойдың дүниетанымдық негізіне айналды (Қасқабасов, 2020: 159).

XX ғасырдың басында қазақ қоғамында жаңа тарихи кезең қалыптасты. Бұл кезеңде ұлттық автономия, жер мәселесі, тіл, білім беру және баспасөзді дамыту мәселелері қоғамдық-саяси қозғалыстың негізгі бағыттарына айналды. Осы тарихи жағдайда Алаш қозғалысы қалыптасып, қазақ қоғамының интеллектуалдық және саяси жаңғыруын мақсат етті. Алаштық топ өздерінен бұрынғы ұлт зиялыларының қызметі мен мұрасын жақсы танып-білген, олардың атқарған ісін тиесілі дәрежеде бағалай алған және олардан үйренген буын болды. Ұрпақаралық сабақтастық нақты өмірлік құбылыс екенін алаштық топтың Абай өнегесі мен мұрасына қатысынан да анық байқалады. Олар Абай мұрасын рулық немесе жүздік мүдделерден біржола ұзап кеткен, тіпті оған қарсы тұрған шынайы ұлттық құбылыс ретінде қабылдады (Қойгелдиев, 2021: 197).

Жүргізілген тарихи-салыстырмалы талдау бұл екі тарихи-идеялық кеңістікті байланыстыратын негізгі фактордың Абай мұрасы болғанын көрсетті. Абай қалыптастырған білім, әділет, еңбек және ұлттық жауапкершілік идеялары Алаш қайраткерлерінің қоғамдық қызметі мен еңбектерінде жаңа тарихи мазмұнда жалғасын тапты. Абай идеяларының Алаш зиялыларының тарихи мұрасының ажырамас бөлігі ғана емес, сонымен бірге олардың терең рухани әрі идеялық негізіне айналғанын көрсетеді (Kazhymurat, Kamzabekuly, 2025: 130). Бұл кезеңдегі саяси серпіліс 1905 жылғы Қарқаралы петициясынан бастап айқын көрінеді. Абай қайтыс болғаннан

кейін бір жыл өтпей жатып, ел ішіндегі саяси ой басқа арнаға бұрыла бастады. Мұны жай ғана уақыт сәйкестігі деп қарау қиын. Абай тұлғасына адалдық танытып, ақын мұрасын кеңінен насихаттауға Алаш зиялыларының азаматтық парызы мен қосқан үлесі аса зор. Осыған сәйкес, зерттеудің негізгі мақсаты – Абай мұрасындағы гуманистік, ағартушылық және адамгершілік қағидалардың Алаш зиялыларының ұлттық идеялары мен қоғамдық-саяси ұстанымдарының қалыптасуына қалай ықпал еткенін анықтау.

Абайды әлемдік гуманитарлық ой кеңістігінде тану үшін оның шығармаларын тек әдеби мұра ретінде оқу жеткіліксіз. Оны әлеуметтік ойдың, қоғамдық сынның, адам мінезін танудың дерегі ретінде қарастыру керек. Шәкір Ибраев хакім мұрасын қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық ғылым деңгейінде зерделеу қажеттігін айтады (Ибраев, 2021: 12). Себебі Абай поэзиясы жай көркем сөз емес, қазақ қоғамының ішкі диагнозы.

Ұлт болу ақын шығармашылығын жан-жақты зерделеудің басты қағидасы. Абайдың сарқылмас мұрасы мен заңғар тұлғасы ұлт мұратын дамытушы күш. Оның «толық адам» туралы түсінігі бөлек. Ол адамды байлығымен немесе атағымен өлшемейді. Ғылымға ұмтылған, еңбектен қашпайтын, ақылға тоқтайтын, әлсізге қорған бола алатын тұлғаны алға шығарады. Қысқа айтқанда, Абай үшін адам болу дайын берілген мәртебе емес. Ол күн сайын қалыптасатын ішкі сапа. Осы тұста Абай көзқарастары мен Алаш зиялылары ұстанған идеялық бағыт арасындағы сабақтастық айқын байқалады. Ғалым Айгүл Ісімақованың бұл тақырып жөніндегі «Алаш қайраткерлерінің тұлға ретінде қалыптасуына Абай шығармалары қалай ықпал еткен болса, керісінше, ғылыми зерттеулерді парақтай келе, Абайды тану мен таныстыруда да тыңнан түрен салғандар Алаш қайраткерлері болғанын бағамдап отырмыз» – деген пікірі аса құнды (Ісімақова, Беркимбаев, Сейітман, Четин, 2020: 91). Алаш зиялылары да халықты бірден саяси тәуелсіздік ұранына ғана шақырған жоқ. Алдымен оқу, газет, мектеп, тіл, жер, құқық, ұлттық сана мәселесін көтерді. Өйткені білімсіз жұрттың еркіндігі ұзаққа бармайтынын олар жақсы түсінді.

Сондықтан зерттеуде келесі міндеттерді қарастыру қажет:

- Абай мен Алаш байланысы әдеби ықпал ретінде ғана емес, ұлттық модернизацияның рухани негізі ретінде қарастыру;
- Абайдың «толық адам», «әділет», «ғылым», «еңбек» ұғымдарының Алаш мәтіндеріндегі жалғастығын талдау;
- Ұлттық сананың эволюциясы контекстінде Абай және Алаш сабақтастығының жаңа интерпретациясын зерттеу.

Абай – Алаш идеясы мен қозғалысының негізі. Ал Алаш идеясы ұлттық сананы жандандыру, тәуелсіздікке қол жеткізу. Ол бір күнде пайда болған жоқ. Мұндай қозғалысқа идея керек. Ұйым керек. Ортақ мақсат және халықпен сөйлесе алатын тіл керек. XIX ғасырдың аяғында басталған ұлттық серпіліс XX ғасыр басында айқын саяси сипат алды.

2. Зерттеу материалдары мен әдістер

2.1. Зерттеу әдістері

Зерттеуде Абай мұрасы мен Алаш қайраткерлерінің идеялық сабақтастығын кешенді талдау мақсатында сапалық (qualitative) зерттеу тәсілі қолданылды. Зерттеу-

дің әдіснамалық негізін тарихилық, сабақтастық және интерпретациялық талдау қағидаттары құрады. Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи, герменевтикалық, мәтіндік (мәтінаралық) талдау, тарихи-салыстырмалы сипаттау, сондай-ақ деректерді жүйелеу және ғылыми интерпретациялау әдістері пайдаланылды.

Салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының қоғамдық-саяси және рухани даму ерекшеліктері салыстырылып, Абай дәуірі мен Алаш кезеңінің тарихи сабақтастығы анықталды. Бұл әдіс Абай шығармаларында көтерілген ағартушылық, ұлттық сана, әділет, білім және адамгершілік идеяларының кейінгі Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі мен еңбектерінде жалғасу деңгейін айқындауға мүмкіндік берді.

Герменевтикалық әдіс Абай шығармаларының мазмұнын тарихи-мәдени контекст аясында түсіндіруге және оның философиялық ойларының терең мағынасын ашуға қолданылды. Әсіресе ақынның қарасөздері мен өлеңдеріндегі «толық адам», «әділет», «ғылым», «еңбек», «ар-ұждан» ұғымдарының мәні қазіргі ғылыми түсіндірулермен сабақтастықта қарастырылды. Сонымен қатар бұл әдіс Алаш қайраткерлерінің еңбектерінде кездесетін ұқсас дүниетанымдық ұстанымдарды анықтауға мүмкіндік берді.

Мәтіндік және мәтінаралық талдау әдістері арқылы Абай шығармалары мен Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев еңбектеріндегі идеялық үндестіктер мен ұғымдық сабақтастыққа салыстырмалы талдау жүргізілді. Талдау барысында білім, ұлттық бірегейлік, адам тәрбиесі, қоғамдық жауапкершілік және ұлттық жаңғыру мәселелеріне қатысты негізгі концептілер анықталып, олардың мазмұндық ұқсастықтары мен ерекшеліктері сараланды.

Зерттеу барысында ғылыми деректерді жинақтау, жүйелеу, салыстыру және интерпретациялау әдістері де қолданылды. Алынған нәтижелерді өзара салыстыру арқылы Абай мұрасы мен Алаш қозғалысы арасындағы рухани және дүниетанымдық сабақтастықтың негізгі бағыттары айқындалып, олардың қазақ қоғамдық ойының эволюциясындағы орны ғылыми тұрғыдан негізделді.

2.2. Материалдарға сипаттама

Зерттеудің әдіснамалық негізін мәдени-тарихи сабақтастық тұжырымдамасы, мәтінаралық байланыстар теориясы және герменевтикалық интерпретация қағидалары құрайды. Мәдени-тарихи сабақтастық тұжырымдамасына сәйкес қоғамдық ой белгілі бір тарихи кезеңде үздіксіз дамып, кейінгі интеллектуалдық қозғалыстар алдыңғы рухани тәжірибені жаңа тарихи жағдайға бейімдейді. Осы теориялық ұстанымға сүйене отырып, Алаш қозғалысы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ ағартушылық ойының заңды жалғасы ретінде қарастырылды. Зерттеудің негізгі ғылыми болжамы – Абай мұрасы Алаш қозғалысына әдеби ықпал еткен шығармашылық құбылыс қана емес, оның дүниетанымдық және құндылықтық негіздерін қалыптастырған интеллектуалдық жүйе деген тұжырымға негізделді.

Зерттеуде герменевтикалық талдау, тарихи-салыстырмалы әдіс және мәтінаралық талдау қолданылды. Герменевтикалық әдіс Абай шығармаларындағы «толық адам», «ғылым», «еңбек», «әділет» және «адамгершілік» ұғымдарының философиялық

мазмұнын тарихи-мәдени контекстте түсіндіруге мүмкіндік берді. Тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси жағдайы салыстырылып, Абай дәуірі мен Алаш кезеңіндегі ұлттық жаңғыру идеяларының сабақтастығы анықталды. Мәтінаралық талдау әдісі Абай шығармалары мен Алаш қайраткерлерінің публицистикалық, әдеби және ғылыми еңбектеріндегі ортақ концептілерді анықтау үшін қолданылды. Бұл әдіс арқылы білім, ғылым, еңбек, әділет, ұлттық сана және азаматтық жауапкершілік ұғымдарының тарихи эволюциясы мен мазмұндық өзгерістері сараланды. Зерттеу материалы үш топқа жүйеленді:

Бірінші топқа Абай Құнанбайұлының негізгі шығармалары енгізілді. Талдаудың басты нысаны ретінде «Ғылым таппай мақтанба», «Әсемпаз болма әрнеге», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңдері және қарасөздері алынды. Бұл шығармалар адамның рухани кемелденуі, білім мен ғылымның маңызы, әділет, еңбек және ұлттық сана мәселелерін қамтитын негізгі мәтіндер ретінде таңдалды.

Екінші топқа Алаш қайраткерлерінің еңбектері енгізілді. Атап айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» мақаласы мен ағартушылық еңбектері, Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» еңбегі мен «Абай» мақаласы, Әлихан Бөкейханның Абай туралы мақалалары, Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегі және Жүсіпбек Аймауытұлының «Тәрбиеге жетекші» еңбегі зерттеудің негізгі салыстыру материалдары ретінде пайдаланылды. Бұл еңбектер Абай шығармаларындағы негізгі ұғымдардың Алаш дүниетанымында қалай дамығанын анықтау мақсатында іріктелді.

Үшінші топқа абайтану мен алаштану саласындағы ғылыми зерттеулер енгізілді. Олардың қатарында Мекемтас Мырзахметов, Сейіт Қасқабасов, Рымғали Нұрғали, Мәмбет Қойгелдиев, Шәкір Ибраев, Дихан Қамзабекұлы, Айгүл Ісімакова еңбектері пайдаланылды. Бұл зерттеулер қазіргі ғылыми көзқарастарды жүйелеу және авторлық тұжырымдарды бұрынғы зерттеулермен салыстыру мақсатында қолданылды.

Материалдарды іріктеу барысында үш негізгі өлшем басшылыққа алынды: біріншіден, еңбектерде Абайдың дүниетанымдық ұстанымдарының көрініс табуы; екіншіден, Алаш қайраткерлерінің ұлттық жаңғыру, ағартушылық және азаматтық жауапкершілік мәселелерін қарастыруы; үшіншіден, мәтіндер арасында салыстырмалы талдау жүргізуге мүмкіндік беретін ортақ ұғымдардың болуы.

Зерттеу барысында тарихи деректерді жинақтау, жүйелеу және ғылыми интерпретациялау әдістері де қолданылды. Салыстырмалы талдау кезінде негізгі критерийлері ретінде білім, еңбек, әділет, «толық адам», ұлттық сана және қоғамдық жауапкершілік концептілері алынды. Осындай әдіснамалық тәсіл зерттеу нәтижесінде Абай мұрасы мен Алаш қозғалысының арасындағы байланысты әдеби ықпал деңгейінде ғана емес, ұлттық қоғамдық ойдың эволюциясын сипаттайтын дүниетанымдық және құндылықтық сабақтастық ретінде ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді.

3. Талқылау

3.1. Абай мұрасы және Алаш дүниетанымы

Абай мұрасы мен Алаш қозғалысының өзара байланысын қазіргі ғылыми әдебиетте көбіне әдеби ықпал немесе рухани сабақтастық тұрғысынан қарастыру

басым. Зерттеулерде Абай мұрасының Алаш зиялыларының дүниетанымына ықпалы жан-жақты қарастырылғанымен, оның ұлттық модернизация теориясымен байланысы арнайы зерттеу нысанына айналмаған.

Зерттеуде бұл мәселе басқа қырынан қарастырылған. Жүргізілген салыстырмалы және мәтінаралық талдау көрсеткендей, Абай мұрасы Алаш қозғалысына идеялық ықпал еткен дереккөз ғана емес, қазақ қоғамын жаңғыртудың тұтас дүниетанымдық моделін қалыптастырған интеллектуалдық жүйе болып табылады. Бұл модельдің негізін білім, еңбек, әділет, адамгершілік және ұлттық жауапкершілік сияқты өзара байланысты құндылықтар құрайды.

Тұжырымды дәлелдеу үшін Абай мен Алаш өкілдерінің бір ғана ұғымға көзқарасын емес, сол ұғымның мазмұнының тарихи жағдайда қалай өзгергенін салыстырдық. Абай қоғамның өзгеруін ең алдымен адамның рухани кемелденуімен байланыстырса, Алаш зиялылары дәл осы қағиданы қоғамдық институттарды реформалау арқылы жүзеге асыруды ұсынды. Бұл айырмашылық Алаш қозғалысының Абай дүниетанымын қайталағанын емес, оны жаңа тарихи жағдайда қоғамдық-саяси бағдарлама деңгейіне көтергенін көрсетеді.

Осыған орай, Абай мен Алаш арасындағы сабақтастықтың негізгі өзегі тұлғалық ықпал емес, құндылықтардың эволюциясы деген қорытындыға келдік. Абай шығармаларында білім, еңбек және әділет жеке адамның рухани жетілуінің негізі ретінде ұсынылса, Алаш қайраткерлерінің еңбектерінде бұл ұғымдар ұлттық мемлекеттілік пен қоғам жаңғыруының басты қағидаларына айналды. Демек, Алаш қозғалысы Абайдың моральдық-философиялық тұжырымдарын қоғамдық-саяси практикаға бейімдеуге баса назар аударған.

Осы қорытындыны нақтылау мақсатында Абай мен Алаш дүниетанымының сабақтастығын түсіндіретін үш деңгейлі модель ұсынамыз:

– құндылықтық сабақтастық – білім, еңбек, әділет және адамгершілік идеяларының ортақтығы;

– дүниетанымдық сабақтастық – қоғамды адамды тәрбиелеу арқылы жаңарту қағидасының сақталуы;

– институционалдық сабақтастық – Алаш зиялыларының Абай идеяларын білім беру, баспасөз және мемлекеттік басқару жүйесіне бейімдеуі.

Институционалдық сабақтастықтың нақты көрінісін «Қазақ» газеті мен Алаш қайраткерлерінің ағартушылық қызметінен байқауға болады: Алаш қозғалысының рухани негізі мен басты идеясы баспасөздегі мақалада, көсемсөзде және көркем әдебиетте көрініс тапты, соның нәтижесінде баспасөз бен әдебиет қозғалыстың идеялық айнасына айналды (Қамзабекұлы, Жүсіп, 2020: 216). Дәл осы арна арқылы Абайдың білім мен ағартушылық туралы жеке тұжырымдары бүкіл ұлтқа арналған қоғамдық бағдарламаға ұласты. Осыған үндес мысал ретінде Телжан Шонанұлы дайындаған «Шала сауатты ересектер үшін» оқу құралын атауға болады – ол XX ғасыр басындағы білім беру жүйесіне негізделген өзгерістерге сәйкес, сауатсыздықты жоюға арналған нақты практикалық қадам ретінде жасалды (Қамзабекұлы, Жүсіп, 2020: 170). Бұл дерек Абайдың білім туралы философиялық қағидасының Алаш зиялылары қолында нақты институционалдық құралға – оқулық пен мектеп бағдарламасына – айналғанын дәлелдейді.

Ұсынылған модельдің бұрынғы зерттеулерден айырмашылығы мынада: аталған еңбектерде бұл байланыс негізінен әдеби немесе тарихи сабақтастық аясында түсіндірілсе, біз оның құрылымдық және дүниетанымдық сипатын нақты институционалдық дәлелдермен алғаш рет кешенді түрде негіздеуге тырыстық.

Ұсынылған тезисті мәтіндік дәлелмен растау мақсатында Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» мақаласын қарастырдық. Автор Абайды: «Не нәрсенің жайынан жазса да, Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын қармай жазады» (Байтұрсынұлы, 1991: 301) деп бағалай отырып, оны көркем сөз шебері ретінде ғана емес, қазақ қоғамының интеллектуалдық көшбасшысы ретінде таниды. Біздің пайымдауымызша, дәл осы бағалау кейін Алаш зиялыларының ұлттық жаңғыру тұжырымдамасының қалыптасуына теориялық негіз болды. Абай тұлғасы әдеби бедел ғана емес, қоғамдық ойдың легитимді үлгісі қызметін атқарды.

Сонымен бірге зерттеу нәтижелері Алаш қайраткерлерінің Абай мұрасын қабылдауында белгілі бір эволюция болғанын көрсетті: алғашқы кезеңде олар Абайды негізінен ағартушы ақын ретінде таныстырса, кейінгі еңбектерінде оның философиялық және қоғамдық ойлары ұлттық мемлекеттілік, азаматтық жауапкершілік және қоғамдық және ұлттық сана жаңғыру мәселелерімен сабақтастырылды. Бұл үрдіс Абай мұрасының қоғамдық қызметінің уақыт өте келе кеңейгенін дәлелдейді.

Абайдың «толық адам» тұжырымдамасы мен Алаш қозғалысының азамат тәрбиесі туралы көзқарастары арасында да құрылымдық ұқсастық бар. Абай жеке тұлғаның рухани жетілуін қоғамды өзгертудің басты шарты ретінде қарастырса, Алаш зиялылары осы идеяны ұлттық деңгейге көтеріп, оны білім беру, баспасөз, құқықтық мәдениет және қоғамдық жауапкершілік арқылы жүзеге асыруға ұмтылды. Сондықтан «толық адам» концепциясын Алаш идеологиясының негіздерінің бірі ретінде қарастыру ғылыми тұрғыдан орынды.

Осылайша, Абай мен Алаш арасындағы сабақтастық дүниетанымдық, құндылықтық-идеялық және ұлттық жаңғырудың қоғамдық-саяси моделі тұрғысынан үш деңгейде көрініс табады. Ұсынылған модель бұрынғы зерттеулердегі рухани ықпал туралы тұжырымдарды толықтыра отырып, Абай мұрасын Алаш қозғалысының дүниетанымдық және интеллектуалдық негіздерінің бірі ретінде қарастыруға негіз береді.

3.2. Абай идеяларының Алаш мәтіндеріндегі жалғастығы

Абай мұрасы мен Алаш қозғалысының арасындағы сабақтастықты тек Алаш қайраткерлерінің Абай туралы айтқан пікірлері арқылы түсіндіру жеткіліксіз. Зерттеу барысында жүргізілген мәтінаралық талдау көрсеткендей, Алаш зиялылары Абай шығармаларын әдеби мұра ретінде ғана емес, ұлттық жаңғырудың дүниетанымдық негізі ретінде қабылдап, оның негізгі идеяларын қоғамдық-саяси және ағартушылық қызметінде жаңа мазмұнда дамытты. Сондықтан бұл сабақтастық тұлғаға берілген бағадан гөрі ортақ құндылықтар жүйесінің жалғасуы арқылы айқындалады.

Абай шығармаларындағы жетекші ұғымдардың бірі – білім. Ақын «Ғылым таппай мақтанба» деп ғылым мен білімді адамның рухани кемелденуінің және қоғамның өркендеуінің негізгі шарты ретінде қарастырады.

Бұл идея Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық қызметінде жаңа қоғамдық мазмұнға ие болды. Оның оқулықтары мен оқу-ағарту жөніндегі мақалаларында халықтың ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізуінің басты алғышарты ретінде жаппай сауаттылық пен ана тілінде білім беру мәселесі көтерілді. Абай білімді жеке тұлғаның кемелдену өлшемі ретінде қарастырса, Ахмет Байтұрсынұлы оны ұлттың тарихи дамуының стратегиялық шарты деңгейіне көтерді.

Екінші маңызды ұғым – *еңбек*. Абай еңбекті адамгершіліктің және адал өмір сүрудің негізі ретінде бағалайды. Оның пікірінше, қоғамның дамуы әр адамның адал еңбегі мен жауапкершілігіне байланысты. Бұл идея Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» өлеңінде қоғамдық белсенділікпен толықтырылады. Міржақып халықты жалқаулық пен енжарлықтан арылып, ұлттық мүдде үшін еңбек етуге шақырады. Демек, Абайдағы еңбек ұғымы Алаш қайраткерлерінің еңбектерінде азаматтық жауапкершілік категориясына айналған.

Абай дүниетанымындағы негізгі қағидалардың бірі – әділет. Ақын әділетті адам болмысының ғана емес, қоғамдық қатынастардың да басты өлшемі ретінде түсіндіреді. Бұл идея Әлихан Бөкейханның жер, басқару жүйесі және ұлттық автономия мәселелеріне арналған идеялық ұстанымдары құқықтық мазмұнға ие болады. Абай әділетті моральдық құндылық ретінде қарастырса, Әлихан Бөкейхан оны заң үстемдігі мен ұлттық мемлекеттіліктің басты қағидаларының бірі ретінде негіздейді. «Біздің жұрт бостандық, теңдік, құрдастық, саясат ісін ұғынбаса – тарих жолында тезек теріп қалады» деп жазғанындай, ендігі уақытта қазақтың «саясат ісін» ұғынуына бар күш-жігерін жұмсады. Сол себепті Алаш ұлт-азаттық қозғалысы Абайдың этикалық тұжырымдарын қоғамдық-саяси деңгейде жалғастырды деген ұстаным қалыптасты.

Мәтіндік талдау барысында тағы бір маңызды ерекшелік анықталды. Абай шығармаларында білім, еңбек және әділет ұғымдары көбіне жеке адамның рухани кемелденуімен байланыстырылса, Алаш қайраткерлерінің еңбектерінде бұл ұғымдар ұлттық жаңғырудың әлеуметтік тетіктері ретінде түсіндіріледі. Бұл айырмашылық олардың тарихи кезеңдерінің ерекшелігімен байланысты. Абай қоғамды адамды тәрбиелеу арқылы өзгертуді ұсынса, Алаш зиялылары осы идеяларды ұлттық институттарды қалыптастыру, білім беру жүйесін жаңарту және қоғамдық сананы өзгерту арқылы жүзеге асыруға ұмтылды.

Зерттеу нәтижелері Абай мен Алаш арасындағы сабақтастықтың әдеби ықпалмен ғана шектелмейтінін көрсетті. Жүргізілген салыстырмалы талдау олардың шығармаларында ортақ төрт дүниетанымдық концептінің тұрақты сақталғанын анықтады: білім, еңбек, әділет және ұлттық жауапкершілік. Бұл ұғымдар әртүрлі тарихи жағдайда әрқалай көрініс тапқанымен, олардың мазмұндық өзегі өзгермеген. Сондықтан Алаш идеологиясын Абай дүниетанымының қарапайым жалғасы емес, оның қоғамдық және саяси кеңістіктегі жаңа интерпретациясы ретінде бағалауға болады.

Мәтінаралық және салыстырмалы талдау Абай мұрасы мен Алаш қозғалысының арасындағы байланысты тұлғалық ықпал деңгейінде емес, ұлттық модернизацияның ортақ дүниетанымдық үлгісі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл тұжырым

зерттеудің алғашқы екі міндетін – Абай мен Алаш байланысын ұлттық жаңғырудың рухани негізі ретінде түсіндіруді және Абайдың негізгі ұғымдарының Алаш мәтіндеріндегі жалғастығын анықтауды ғылыми тұрғыдан негіздейді.

Осы шығармалардағы негізгі мазмұн ғылым мен білімге ұмтылу, адал еңбек пен кәсіпті қадірлеу, адамгершілік құндылықтарды орнықтыру мәселелерімен тығыз байланысты. Абай бұл ойларды жай ақыл ретінде айтқан жоқ. Ол нақты қазақ қоғамының ішінен көрген кемшіліктерге жауап ретінде ұсынды. Сондықтан ақын мұрасы Алаш қайраткерлері үшін дайын рухани қор ғана емес, ұлттық жаңарудың ойлау үлгісі болды.

Абай шығармаларында надандық, ішкі алауыздық, тар ұғым, болыс-билік иелерінің қарапайым халыққа жасаған әлеуметтік әділетсіздігі қатты сыналады. Бір қарағанда, ақын тек өз дәуіріндегі қазақ ауылын, болыс сайлауын, ру арасындағы тартысты суреттеп отырғандай көрінеді. Бірақ тереңірек үңілсек, сол тартыстың астарында бойындағы мансапқа құмарлық, жалған намыс, білімсіздік, күншілдік, әлсізге үстемдік көрсету сияқты ортақ мінез жатыр.

Абай мұрасының өміршеңдігі оның идеяларының тарихи уақытпен шектелмей, кейінгі ұрпақтардың рухани-мәдени сұраныстарымен үндесе алуында жатыр. Осы ерекшелік Абай шығармашылығының қазіргі кезеңдегі өзектілігін сақтап, ұлттық сананың дамуына ықпал ететін маңызды факторлардың бірі ретінде бағалауға мүмкіндік береді.

Алаш зиялыларының Абай туралы пікірлерін салыстырмалы түрде талдау олардың барлығына ортақ бірнеше ұстанымды анықтауға мүмкіндік береді:

- Абай ұлттық ойлау мәдениетін жаңартты;
- Қазақ әдебиетін жаңа деңгейге көтерді;
- Ағартушылық идеяларды жүйеледі;
- Ұлттық сананың қалыптасуына ықпал етті;
- болашақ ұлт зиялыларының дүниетанымына әсер етті.

Абай мен Алаш арасындағы сабақтастық әдеби ықпалдан әлдеқайда кең құбылыс болып табылады. Ол ұлттық руханияттың тарихи эволюциясын көрсетеді.

Алаш зиялылары Абайды насихаттаумен ғана шектелген жоқ. Олар оның шығармаларын ұлттық идеологияның маңызды бөлігіне айналдырды. Бұл қызмет әсіресе «Қазақ» газеті төңірегінде айқын көрінді.

Абай мұрасын халыққа таныстыру арқылы Алаш қайраткерлері ұлттық мәдени кодты сақтауға ұмтылды. Осылайша ақын шығармашылығы ұлттық жаңғыру үдерісінің маңызды рухани ресурсына айналды. Жүргізілген мәтінаралық талдау Абай шығармаларындағы негізгі дүниетанымдық ұстанымдардың Алаш қайраткерлерінің еңбектерінде жаңа тарихи жағдайда жалғасын тапқанын көрсетті. Бұл сабақтастық олардың Абай туралы пікірлерінен ғана емес, көркем және публицистикалық мәтіндерінің мазмұнынан анық байқалады. Абай және Алаш зиялыларының білім, еңбек, әділет сияқты идеялық ұстанымдарын салыстыра саралайық.

Абай шығармаларында білім ұғымы тұлғаның рухани кемелденуі мен қоғамдық дамудың негізгі алғышарттарының бірі ретінде қарастырылады. Абай «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде:

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,

Адам болам десеңіз, – деп ғылым мен білімді адамның рухани кемелденуінің негізгі алғышарты ретінде қарастырады (Құнанбайұлы, Т.1., 1995: 71).

Бұл идея Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақша оқу жайынан» еңбегінде жалғасын тапты. «Осы замандағы жан танырқалық нәрсенің бәрі де ғылыммен табылған. Адам баласын көкте құстай ұшқызған, суда балықтай жүздірген ғылым. Дүнианың бір шеті мен бір шетінен шапшаң хабар алғызып тұрған ғылым, отарба, от кемелерді жүргізген ғылым» дей отырып білімді жеке адамның ғана емес, тұтас ұлттың дамуының негізгі факторы ретінде қарастырады (Байтұрсынұлы, 1991: 254). Берілген ой ғылымның адамзат өркениетін дамытудағы шешуші рөлін көрсетеді. Бұл қоғамның дамуына, адамдардың тұрмысын жеңілдетуге ықпал ететінін дәлелдейді.

Бұл екі мәтінді салыстыру Абай үшін білімнің жеке тұлғаның рухани кемелденуінің өлшемі болғанын, ал Ахмет Байтұрсынұлы оны ұлттық жаңғырудың стратегиялық құралы деңгейіне көтергенін көрсетеді. Екі мәтіннің ортақ ойы да ғылым – жеке адамның да, бүкіл қоғамның да дамуының негізгі тірегі ретінде танылады. Демек, Алаш қайраткерлері Абайдың ағартушылық идеясын қоғамдық-саяси мазмұнмен толықтырған.

Абай шығармаларындағы екінші маңызды концепт – еңбек. Ақын:

«Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас,

Қардың суы сықылды тез суалар» – деп, еңбекті адамның адами қасиетін айқындайтын моральдық категория ретінде бағалайды (Құнанбайұлы, Т.1., 1995: 223).

Бұл ұстаным Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» еңбегінде жаңа қоғамдық мазмұнда көрінеді:

«Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,

Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп.

Қазағым, енді жату жарамас-ты» (Дулатұлы, 2003: 46). Міржақып халықты еңбек етуге ғана емес, қоғамдық жауапкершілік алуға шақырады. Абай еңбекті адамның жеке қасиеті ретінде бағаласа, Міржақып оны ұлттың тарихи тағдырына жауапкершілікпен қараудың өлшеміне айналдырады. Осылайша еңбек ұғымының мазмұны моральдық деңгейден қоғамдық деңгейге көтеріледі.

Абайдың әділет туралы көзқарастары да Алаш мәтіндерінде жалғасын тапты. Ақын:

«Әділет, шапқат кімде бар,

Сол жарасар туғанға» – деп, әділетті адам болмысының негізгі қасиеті ретінде бағалайды (Құнанбайұлы, Т.1., 1995: 208).

Әлихан Бөкейханның «Жұрт әділ болмай, жұрт ісі оңға баспайды» деген тұжырымы әділдіктің қоғамдық даму мен мемлекеттік басқарудың негізгі

қағидаттарының бірі екенін айқындайды. Бұл ой қоғамдағы әрбір азаматтың әділдік қағидатын берік ұстануы мемлекет пен ұлттың тұрақты дамуының маңызды шарты екенін көрсетеді. Өйткені қоғамдық қатынастарда әділдік үстемдік құрған жағдайда ғана заңның үстемдігі қамтамасыз етіліп, әлеуметтік сенім нығаяды және елдің жан-жақты дамуына қолайлы негіз қалыптасады. Сондай ақ, жер мәселесіне арналған мақалаларында әділет ұғымын халықтың саяси құқығымен байланыстырады. Оның пікірінше, жерге меншік құқығы мен заң алдындағы теңдік ұлттық мемлекеттіліктің басты қағидаларының бірі болып табылады.

Жүргізілген салыстырмалы талдау Абайдағы әділет ұғымының моральдық мазмұны Алаш қайраткерлерінде құқықтық және мемлекеттік сипат алғанын көрсетті. Бұл Алаш қозғалысының Абай этикасын саяси кеңістікке бейімдегенін дәлелдейді.

Мәтінаралық талдау нәтижесінде Абай шығармалары мен Алаш қайраткерлерінің еңбектерінде төрт ортақ дүниетанымдық концепт анықталды: білім, еңбек, әділет және ұлттық жауапкершілік. Бұл ұғымдардың тарихи жағдайға байланысты мазмұны кеңейгенімен, олардың құндылықтық өзегі өзгермеген. Сондықтан Алаш қозғалысын Абай идеяларының қарапайым жалғасы емес, оның ұлттық модернизация жағдайындағы жаңа тарихи интерпретациясы ретінде қарастыруға болады.

Жүргізілген талдау нәтижелері Абай мұрасы мен Алаш қозғалысы арасындағы байланыс кездейсоқ тарихи сәйкестік емес екенін көрсетеді. Абай қалыптастырған ағартушылық, гуманистік және ұлттық идеялар жүйесі XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының қоғамдық қызметінде жаңа мазмұнға ие болды. Осылайша, Абай мұрасын Алаш дүниетанымының рухани және идеялық негізі ретінде бағалау ғылыми тұрғыдан дәйектелген тұжырым болып саналады.

3.3. «Толық адам» және Алаш идеясы

Абай мұрасы мен Алаш идеясының өзара байланысын түсіндіруде ерекше назар аударуды қажет ететін мәселе – «толық адам» концепциясы. Бұл ұғым Абайдың адам тәрбиесі туралы философиялық көзқарасының өзегін құрайды. Алайда жүргізілген салыстырмалы талдау көрсеткендей, Алаш қайраткерлері бұл тұжырымдаманы өзгеріссіз қайталаған жоқ, оны ұлттық жаңғырудың әлеуметтік және саяси мазмұнымен толықтырды.

Отыз сегізінші қара сөзінде: «Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады» – деп адамның кемелденуін ғылым-білімге саналы ұмтылу және рухани жетілумен байланыстырады. Осы арқылы ақын білім мен адамгершілік қасиеттердің бірлігін «толық адам» тұжырымдамасының негізгі қағидаты ретінде негіздейді (Құнанбайұлы, Т.2., 1995: 189). Тұжырымда адамның адамдық қасиеті оның ғылымға, білімге және рухани кемелденуге ұмтылуымен анықталады. Абай үшін «толық адам» – ақыл, жүрек және қайрат үйлесіміне жеткен тұлға.

Бұл идея Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» мақаласында жалғасын табады. Автор Абай шығармашылығын бағалай отырып, оның терең талдау қабілетін ерекше атап өтеді: «Не нәрсенің жайынан жазса да, Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады». Бұл тұжырым Абай поэзиясы мен прозасының

мазмұндық тереңдігін және құбылыстарды ішкі мәні арқылы бейнелеу ерекшелігін көрсетеді (Байтұрсынұлы, 1991: 216).

Бұл пікір Абайдың адамды сыртқы әрекеті арқылы емес, оның ішкі рухани болмысы арқылы тануға ұмтылғанын көрсетеді. Демек, Ахмет Байтұрсынұлы Абайдың «толық адам» идеясын ең алдымен ұлттық ойлау мәдениетін қалыптастыратын интеллектуалдық құндылық ретінде қабылдаған.

Абайдың «толық адам» тұжырымдамасы Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» өлеңінде азаматтық жауапкершілік ұғымымен толықтырылады. «Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты» – деп халықты білімге, сергектікке және қоғамдық белсенділікке шақырады (Дулатұлы, 2003: 46). Абай жеке адамның рухани жетілуін басты орынға қойса, Міржақып осы кемелденудің қоғамдық нәтижесін ұлт алдындағы жауапкершілікті алдыңғы қатарға шығарады. Осылайша «толық адам» идеясы жеке тұлғаның моральдық сапасынан ұлттық азамат қалыптастыру тұжырымдамасына ұласады. Бұл еңбегі Абайдың «толық адам» тұжырымдамасымен мазмұндық тұрғыдан үндес. Шығармада білім мен сананың оянуы, рухани жетілу және азаматтық жауапкершілік идеялары алға шығып, тұлғаның кемелдену жолы ретінде көрсетіледі.

Ұқсас үрдіс Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегінде де байқалады. Мағжан тәрбиенің мақсаты – денесі, ақылы және жаны үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру екенін көрсетеді: «Біздің бір саусағымыз ауырды. Сонда біз саусағымыздың ауырғанын сеземіз. Бұл – ішкі сезім ісі. Саусақтың ауырған себебін тексереміз. Бұл – ақыл ісі. Сол ауруды жеңілдетуге, бітіруге, жазуға ұмтыламыз. Бұл – қайрат ісі» (Жұмабаев, 2024: 45). Бұл тұжырым Абайдың ақыл, жүрек және қайрат үйлесімі туралы философиялық қағидасымен мазмұндық тұрғыдан сәйкес келеді.

Алайда Мағжан бұл идеяны ұлттық мектеп пен тәрбие жүйесінің әдіснамалық негізіне айналдырады. Автор адамның кез келген іс-әрекеті ақыл, ішкі сезім және қайраттың бірлесуі арқылы жүзеге асатынын негізге ала отырып, аталған үш қасиеттің үйлесімді дамуы тәрбие үдерісінің басты мақсаты екенін көрсетеді. Егер осы үшеудің біреуі басым түсіп, тепе-теңдік бұзылса, адамның рухани тұтастығы мен бақытқа жету мүмкіндігі шектелетіні жөнінде қорытынды жасалады. Осы тұста Мағжан Абайдың атын атап, оның «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек» деген өлең жолдарын дәлел ретінде келтіреді. Бұл арқылы Абайдың абстрактілі философиялық идеясы күнделікті тәжірибемен ұштастырылып, түсінікті психологиялық-танымдық модель ретінде түсіндіріледі.

Абайдағы мораль философиясына байланысты гуманистік ойдың өзекті арнасы «Толық адам» ілімі. Толық адам – Абайдың армандаған, аңсаған мұрат-мақсаттарының ең биік қол жетпес асқар шыңы.

«Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» – деп Абай іздеген толық адам ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректен туындайтын талапты, еңбекқор, ізгілікті, мейірімді, қанағатшыл, рахымды, тұла бойы толған ар, ұят, пенделіктен қол үзген имандылық жолындағы абзал азамат (Құнанбайұлы, Т.2., 1995: 8).

Ал Жүсіпбек Аймауытұлының 1924 жылы Орынбор қаласында жарық көрген ұстаз-педагогтарға арналған «Тәрбиеге жетекші» еңбегінде тәрбиенің негізгі мақсаты

ұлттық жауапкершілігі жоғары, қоғамға қызмет ететін азамат қалыптастыру екенін көрсетеді (Аймауытұлы, 1924). Еңбектің негізгі идеясы – жан-жақты дамыған, ақыл-парасаты, адамгершілігі, еңбексүйгіштігі және ұлттық санасы қалыптасқан тұлғаны тәрбиелеу, бұл Абайдың «толық адам» тұжырымдамасымен мазмұндық тұрғыдан үндес. Осы екі еңбекті салыстыру Абай ұсынған «толық адам» моделінің Алаш педагогикасында азаматтық жауапкершілік тұжырымдамасымен толықтырылғанын көрсетеді. Яғни Алаш зиялылары Абайдың философиялық идеясын практикалық ағартушылық бағдарламаға айналдырды.

Жүргізілген мәтінаралық талдау нәтижесінде Абайдың «толық адам» концепциясы мен Алаш зиялыларының еңбектері арасында үш деңгейлі сабақтастық пен «толық адам» концепциясының идеялық эволюциясы анықталды. Біріншіден, рухани сабақтастық адамгершілік, білім және ар-ождан құндылықтарының ортақтығы. Екіншіден, дүниетанымдық сабақтастық адамның кемелденуін қоғамның жаңаруымен байланыстыру қағидасының сақталуы. Үшіншіден, қоғамдық-саяси сабақтастық Алаш қайраткерлерінің Абайдың моральдық-философиялық тұжырымдарын ұлттық жаңғыру бағдарламасының теориялық негізіне айналдыруы.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы «толық адам» концепциясын жеке философиялық ілім ретінде емес, Алаш қозғалысының азаматтық қоғам қалыптастыру тұжырымдамасының дүниетанымдық өзегі ретінде қарастыруымызда. Бұл Абай мұрасы мен Алаш идеясының арасындағы байланысты жаңа интерпретациялауға мүмкіндік береді.

4. Зерттеу нәтижесі

Жүргізілген салыстырмалы-тарихи, герменевтикалық және мәтінаралық талдау нәтижесінде Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы мен Алаш қайраткерлерінің қоғамдық-саяси және ағартушылық қызметі арасындағы дүниетанымдық сабақтастықтың құрылымы айқындалды. Талдау нәтижелері Абай мұрасының Алаш қозғалысына тек әдеби ықпал деңгейінде әсер етпегенін, оның ұлттық жаңғырудың құндылықтық және идеялық негіздерінің бірі болғанын көрсетті.

Абай шығармалары мен Алаш қайраткерлерінің еңбектерін салыстыру барысында олардың дүниетанымдық өзегін құрайтын ортақ құндылықтар жүйесі анықталды. Абайдың білім, ғылым, еңбек, әділет және адамгершілік туралы тұжырымдары Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси көзқарастарында жаңа тарихи жағдайда жалғасын тапқан. Егер Абай бұл ұғымдарды жеке тұлғаның рухани кемелденуімен байланыстырса, Алаш қайраткерлері оларды ұлттық мемлекеттілік, қоғамдық жауапкершілік және ағартушылық реформалардың теориялық негізіне айналдырған.

Абайдың «толық адам» концепциясы мен Алаш зиялыларының ұлттық даму тұжырымдамасы арасында құрылымдық сабақтастық бар екені дәлелденді. Абайдың 38-қарасөзіндегі адамның рухани жетілуі туралы идеялары Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық қызметімен, Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» еңбегімен, Жүсіпбек Аймауытұлының «Тәрбиеге жетекші» еңбегімен және Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегімен салыстырылды. Салыстыру нәтижесінде Абайдағы жеке тұлғаның кемелденуі туралы философиялық тұжырымның Алаш қозғалысында ұлттық жауапкершілік пен азаматтық сана тұжырымдамасына ұласқаны анықталды.

Абай шығармалары мен Алаш қайраткерлерінің мәтіндерін салыстырмалы талдау олардың арасында төрт негізгі концептінің тұрақты сақталғанын көрсетті: білім, еңбек, әділет және ұлттық жауапкершілік. Бұл ұғымдар Абай шығармаларында моральдық-философиялық мазмұнда қарастырылса, Алаш қайраткерлерінің еңбектерінде қоғамдық және саяси реформалардың мазмұнымен толықтырылған. Осылайша, Алаш қозғалысы Абай дүниетанымын қайталаған жоқ, оны жаңа тарихи жағдайда қоғамдық практика деңгейіне бейімдеген.

Зерттеу барысында Алаш кезеңіндегі абайтанудың қалыптасу ерекшеліктері нақтыланды. Әлихан Бөкейханның Абай туралы некрологы, Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» мақаласы, Міржақып Дулатұлының әдеби-сын мақалалары және Жүсіпбек Аймауытұлының Абай мұрасын ғылыми тұрғыдан бағалаудың алғашқы жүйелі үлгілерін қалыптастырғаны анықталды. Бұл еңбектер кейін академиялық абайтану ғылымының қалыптасуына теориялық негіз болды.

Зерттеу барысында бұрынғы еңбектерде негізінен «рухани ықпал» ретінде түсіндіріліп келген Абай мен Алаш байланысына жаңа ғылыми интерпретация ұсынылды. Жүргізілген мәтінаралық талдау бұл байланысты үш деңгейде қарастыруға мүмкіндік берді:

- құндылықтық сабақтастық (білім, еңбек, әділет, адамгершілік);
- дүниетанымдық сабақтастық (адамды жетілдіру арқылы қоғамды жаңарту идеясы);
- институционалдық сабақтастық (Абай идеяларының Алаштың білім беру, баспасөз және қоғамдық реформалар бағдарламаларында іске асуы).

Осы нәтижелер негізінде Абай мұрасы Алаш қозғалысының рухани алғышарты ғана емес, ұлттық модернизацияның дүниетанымдық және интеллектуалдық платформасы болғаны ғылыми тұрғыдан негізделді. Ұсынылған нәтижелер қазақ ұлттық ойының эволюциясын жаңа қырынан түсіндіруге мүмкіндік береді және абайтану мен алаштану бағытындағы кейінгі салыстырмалы зерттеулерге теориялық негіз бола алады.

5. Қорытынды

Жүргізілген зерттеу Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы мен Алаш қозғалысының дүниетанымдық негіздері арасында жүйелі идеялық сабақтастықтың бар екенін көрсетті. Зерттеу барысында бұл сабақтастықтың әдеби ықпалмен ғана шектелмейтіні, оның ұлттық қоғамдық ойдың эволюциясы мен қазақ қоғамын жаңғырту идеясының қалыптасуында маңызды рөл атқарғаны анықталды.

Зерттеудің бірінші міндетіне сәйкес, Абай мен Алаш арасындағы байланыс ұлттық модернизацияның рухани негізі ретінде қарастырылды. Салыстырмалы-тарихи талдау нәтижесінде Абай қалыптастырған білім, еңбек, әділет және адамгершілік құндылықтары XX ғасыр басындағы Алаш қозғалысының қоғамдық-саяси бағдарламасында жаңа мазмұнда жалғасқаны анықталды. Осы тұрғыдан алғанда, Абай мұрасы Алаш қозғалысының рухани алғышарты ғана емес, ұлттық жаңғыру тұжырымдамасының дүниетанымдық негіздерінің бірі болып табылады.

Зерттеудің екінші міндетіне сәйкес, мәтінаралық талдау арқылы Абайдың «толық адам», «әділет», «ғылым» және «еңбек» ұғымдарының Алаш қайраткерлерінің

еңбектерінде жаңа тарихи жағдайға бейімделе отырып дамығаны дәлелденді. Егер Абай бұл ұғымдарды жеке тұлғаның рухани кемелденуімен байланыстырса, Алаш зиялылары оларды ұлттық сананы қалыптастырудың, азаматтық жауапкершілікті арттырудың және мемлекеттік дамудың негізгі тетіктері ретінде қарастырды. Бұл Алаш идеологиясының Абай дүниетанымын қайталағанын емес, оны қоғамдық-саяси кеңістікте жаңа деңгейде дамытқанын көрсетеді.

Үшінші міндет аясында ұлттық сананың эволюциясы тұрғысынан Абай мен Алаш сабақтастығына жаңа интерпретация ұсынылды. Зерттеу нәтижелері олардың арасындағы байланысты тұлғалық ықпал немесе рухани жалғастық ретінде ғана емес, қазақ ұлттық ойының біртұтас даму кезеңдері ретінде қарастыру қажеттігін көрсетті. Осыған байланысты Абайдың адамды рухани жетілдіру идеясы Алаш қозғалысында ұлтты жаңғыртудың әлеуметтік және саяси бағдарламасына ұласқан деген ғылыми тұжырым ұсынылады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы Абай шығармалары мен Алаш қайраткерлерінің мәтіндерін салыстырмалы талдау негізінде олардың дүниетанымдық ортақтығының құрылымдық моделі алғаш рет жүйеленгенімен сипатталады. Зерттеу нәтижесінде білім, еңбек, әділет, ұлттық жауапкершілік және «толық адам» концепциясының Алаш идеологиясының негізгі құндылықтық бағдарларымен сабақтастығы ғылыми тұрғыдан негізделді.

Алынған нәтижелер қазақ қоғамдық ойының эволюциясын, ұлттық модернизацияның рухани бастауларын және Абай мұрасының қазіргі гуманитарлық ғылымдағы орнын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу қорытындылары абайтану мен алаштану бағытындағы кейінгі салыстырмалы зерттеулерді дамытуға, сондай-ақ қазақ ұлттық дүниетанымының тарихи сабақтастығын жаңа әдіснамалық деңгейде зерделеуге негіз бола алады.

Әдебиеттер:

1. Аймауытұлы Ж. Тәрбиеге жетекші: Бала оқытушыларға. – Орынбор: Қазақстан мемлекет баспасы, 1924. – 186 б.
2. Байтұрсынұлы А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеулер / құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 460 б.
3. Дулатов М. Оян, қазақ!: роман, өлең-жырлар, әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 192 б.
4. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Самға, 2024. – 144 б.
5. Ибраев Ш. Абай феноменологиясы: эстетикасы және прагматикасы. – Астана: Бика, 2021.
6. Kazhymurat A., Kamzabekuly D. The image of Abai in the works of Alash intellectuals: Spiritual continuity and ideological harmony // Bulletin of the Karaganda University. Philology Series. – 2025. – Vol. 30, No. 4. – P. 125-134.
7. Құнанбайұлы А. Шығармалары: Өлеңдер мен аудармалар. Т. 1. – Алматы: Жазушы, 1995. – 336 б.
8. Құнанбайұлы А. Шығармалары: Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қарасөздер. Т. 2. – Алматы: Жазушы, 1995. – 384 б.
9. Қасқабасов С.А. Абай және ұлттық идея // Просветительское движение у тюркских народов и творчество Абая: материалы международной конференции. – Казан (Татарстан), 2020. – Б. 158-159.
10. Абай және Алаш сабақтастығы: тарихи-философиялық, әдеби-лингвистикалық аспект: ұжымдық монография / жауапты ред. Д. Қамзабекұлы, С. Жүсіп. – Астана, 2020. – 281 б.
11. Қамзабекұлы Д. Шоқан, Ыбырай, Абай құбылысының Алаш қайраткерлері тарапынан байыпталуы // Просветительское движение у тюркских народов и творчество Абая: материалы международной конференции. – Казан (Татарстан), 2020. – Б. 147-155.

12. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Бірінші том. Өңделіп, толықтырылған екінші басылым. – Алматы: Мектеп, 2021. – 480 б.
13. Мырзахметов М. Абайды оқы таңырқа. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 160 б.
14. Ісімақова А., Беркімбаев К.М., Сейітман С.М., Четин Н. Абай және Алаш: дәстүр сабақтастығы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – № 4(118). – Б. 87-95.

References:

1. Aimaulytov Zh. (1924). Guide to upbringing: For teachers of children. Orynbor: Kazakhstan State Publishing House. – 186 p. (Kaz)
2. Baitursynuly A. (1991). Aq Zhol: Poems and translations, publicistic articles and literary studies (R. Nurgaliev, comp., foreword). Almaty: Zhalyln. – 460 p. (Kaz)
3. Dulatov M. (2003). Wake up, Kazakh!: Novel, poems, stories. Almaty: Atamura. (Kaz)
4. Zhumabayev M. (2024). Pedagogy. Almaty: Samga. – 144 p. (Kaz)
5. Ibrayev Sh. (2021). Phenomenology of Abai: Aesthetics and pragmatics. Astana: Bika. (Kaz)
6. Kazhymurat A., Kamzabekuly, D. (2025). The image of Abai in the works of Alash intellectuals: Spiritual continuity and ideological harmony. Bulletin of the Karaganda University. Philology Series, 30(4), 125-134. (Eng)
7. Kunanbaiuly A. (1995). Works: Poems and translations (Vol.1). Almaty: Zhazushy. – 336 p. (Kaz)
8. Kunanbaiuly A. (1995). Works: Poems and translations, epic poems, prose maxims (Vol. 2). Almaty: Zhazushy. – 384 p. (Kaz)
9. Kaskabasov S. A. (2020). Abai and the national idea. In Proceedings of the International Conference “Enlightenment Movement among the Turkic Peoples and the Work of Abai” (pp. 158-159). Kazan, Tatarstan. (Kaz)
10. Kamzabekuly D., Zhusip, S. (Eds.). (2020). Abai zhane Alash sabaqtastyg’y: tarihi-filosofiyalyq, adebi-lingvistikalqy aspekt [Continuity of Abai and Alash: Historical-philosophical, literary and linguistic aspects]: Collective monograph. Nur-Sultan: 281 p. (Kaz)
11. Kamzabekuly D. (2020). Assessment of the phenomenon of Shokan, Ybyrai, and Abai by Alash figures. In Proceedings of the International Conference “Enlightenment Movement among the Turkic Peoples and the Work of Abai” (pp. 147-155). Kazan, Tatarstan. (Kaz)
12. Koigeldiev M. (2021). The Alash movement. Volume one (Rev. and expanded 2nd ed.). Almaty: Mektep. – 480 p. (Kaz)
13. Myrzakhmetov M. (1993). Read Abai and marvel. Almaty: Ana Tili. – 160 p. (Kaz)
14. Isimakova A., Berkimbayev, K. M., Seitman, S. M., Chetin, N. (2020). Abai and Alash: Continuity of tradition. Bulletin of Yasawi University, 4(118), 87-95. (Kaz)